

Хаттама №1

2025 жыл 22 тамыз күні «Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы: Кулмагамбет Т.Ж.

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Имантай Д.И.

Хатшы: Шидербекова А.Е.

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Қарастырылған мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік

2. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты

3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы

4. Сынып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру

- Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары сөз сөйледі. Құрметті әріптестер осы оқу жылынан бастап тәрбие тұжырымдамасы өзгерді. 2025-2026 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 6 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 6 бағыт яғни, ұлттық бірегейлік, қоғамға қызмет, экологиялық мәдениет, құқықтық мәдениет және медиа сауаттылық, буллингсіз әлем, оған қоса «Еңбегі адал жас өрең», «Smart bala», «Шабыт», «Қамқор», «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» сынды жоба жұмыстары кіріктіріліп, 6 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынбақ. бағыт алынып тасталынған жоқ тек, 6 құндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде.
- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.
- 2025-2026 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» құру, сондай-ақ» жобалары шеңберінде «Еңбегі адал жас өрең», «Smart bala», «Шабыт», «Қамқор», «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.

- Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін: 1) пәндік мазмұн шеңберінде:
 - әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Үшінші мәселе бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқталып, өз жұмысын биылдан бастап бастайытынын, ол үшін алдын ала сауалнама алынып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сынып, 10-11 сыныптың ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлады.

Қосымша білім беру педагогі сөз алды. Сынып жетекшілер бірлестігін біздер 1-11 сыныптарға жалпылама 1 адамды бірлестік жетекші ретінде сайлаймыз. Ал ол бірлестіктің негізгі бөлігін бірлестік жетекшілері жасайды. Өткен жылы бірлестік жетекшісі Абжанова А.М. атқарды, биылға кімді ұсынасыздар? Қатысушылардың барлығы бір ауыздан бірлестік жетекшісінің қызметін Бегенова М.Ж. бір ауыздан қолдады.

3.Төртінші мәселе бойынша мектепшілік сынып жетекшілердің міндеттерін , сынып жетекшілерге таныстырды.

Қаулы

1. Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бұйрығы негізінде жасалсын және жұмыстар үйлестірілсін.
2. 1-10-сыныптардың сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі етіп бекітілсін.
3. Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқыланысын.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Имантай Д.И. ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрайымы: Кулмагамбет Т.Ж.

Хатшы: Шидербекова А.Е.

Хаттама №2

2025 жыл 29 қазан күні «Шәкәрім атындағы ЖББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқаны: 17

Қатыспағаны:

Ағымдағы мәселелер:

1. Бала өмір қауіпсіздігінің алдын алудағы психолог кеңестері
2. Мектеп парламенті жұмыстарына сынып оқушыларын жұмылдыру
3. Сынып жетекшілерінің сыныбымен алған жобалық жұмыстарымен таныстыру

Педагог-психолог Лазимова Т.В. оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, интернет қауіпсіздігі, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, суицидтің профилактикасы бойынша түсініктеме берді. Оқушылар арасында психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен бөлісті.

Ұсыныстар:

Оқушылар арасында «Қауіпсіз интернет», «Менің қауіпсіздігім – өз қолымда» атты семинар, тренинг, ашық сабақтар өткізу;

Әр сыныпта «сенім жәшігі», психолог кабинеті жанында «жедел көмек бұрышы» ұйымдастыру; Ата-аналарға «Бала психологиясы және отбасы қолдауы» тақырыбында дәріс өткізу; Қауіпті жағдайларды (зорлық-зомбылық, агрессия, жалғыздық) байқаған кезде мұғалімдер бірден психологқа немесе мектеп әкімшілігіне хабарлауы қажет.

Тәлімгер Оспанова Т.А. мектеп парламентінің құрылымы, атқаратын қызметтері, белсенді оқушыларды анықтау жолдары туралы баяндама жасады. Оқушылар арасында лидерлік, жауапкершілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі айтылды.

Ұсыныстар:

Парламент мүшелеріне нақты міндеттер бекітілсін: ақпарат, мәдени-көпшілік іс-шаралар, волонтерлік, спорт бағыты; Аптасына бір рет парламент жиналысы өткізіліп, хаттама жазылып отырсын.

Сынып жетекшілері өз сыныптарымен орындаған экологиялық, әлеуметтік, тарихи, шығармашылық жобаларымен таныстырды. Жобалардың мазмұны, мақсаттары және нәтижелері көрсетілді.

Қаулы:

1. Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп, қол қойылсын.

2.Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.

3.Сынып жетекшілер мен мектеп психологы үнемі байланыста болсын.

4.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрайымы:Кулмагамбет Т.Ж.

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Имантай Д.И.

Хатшы: Шидербекова А.Е.

«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің
№3 ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2026 жыл, 13 қаңтар

Өткізілген орны: Шәкәрім атындағы ЖББМ КММ

Қатысқандар: Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы.
2. Тәртібі төмен, әлеуметтік жағдайы төмен және қамқоршылықтағы оқушылармен жүргізілген жұмыстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Психолог 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған тәрбие және психологиялық жұмыстардың қорытындысы туралы баяндама жасады. Оқушылардың психологиялық ахуалына жүргізілген мониторинг нәтижелері ұсынылды. Тәртіп бұзушылықтың негізгі себептері, оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер, эмоционалдық тұрақтылық деңгейі жан-жақты талданды. Сонымен қатар, тәртібі төмен оқушылармен жүргізілген жеке кеңестер мен түзету-дамыту жұмыстары туралы мәлімет берілді.
2. Әлеуметтік педагог әлеуметтік жағдайы төмен, қамқоршылықтағы және ерекше бақылауды қажет ететін оқушылармен жүргізілген жұмыстар жөнінде есеп берді. Ата-аналармен жүргізілген түсіндіру жұмыстары, оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, тиісті құжаттарды рәсімдеу барысы айтылды. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібіне қатысты мәселелер көтерілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Сынып жетекшілер өз сыныптарындағы тәртібі төмен және оқу үлгерімі төмен оқушылар туралы ақпарат берді. Оқушылардың сабаққа қатысуы, сыныптағы тәртібі, қатарластарымен қарым-қатынасы талқыланды. Кейбір оқушылардың үй жағдайының оқу-тәрбие процесіне әсер етіп отырғаны атап өтілді. Сынып жетекшілер психолог пен әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмысты күшейту қажеттігін ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тәртібі төмен және әлеуметтік жағдайы төмен оқушылармен жеке және топтық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

2. Қажет ететін оқушыларға психологиялық кеңес беру жұмыстарын күшейту.
3. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
4. Оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімін бақылауда ұстау.

Жауаптылар: Психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер